

## Әлеуметтік көмек көрсету туралы

### Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 04 мамырдағы № 161 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 мамырда № 4-3-173 тіркелді. Күші жойылды - Махамбет аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 06 ақпандағы № 68 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Махамбет аудандық әкімдігінің 2013.06. № 68 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20–бабына сәйкес, аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға ай сайын 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек

көрсетілсін .

2. "Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (О.Қайрекешева) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз

етсін .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Арстановқа

жүктелсін .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Ө. Зинуллин65621